


Бақыт Рүстемов

**ӘЛЕМДІК
ӘДЕБИЕТТІҢ ИГІЛІГІ**





U.S.

CANADA

Greenland
(DENMARK)

NORTH
PACIFIC
OCEAN

UNITED STATES

NORTH
ATLANTIC
OCEAN

Tropic of Cancer (23° 27')

MEXICO

THE
CARIBBEAN

MOROCCO

ALGERIA

LIBYA

HAWAIIAN ISLANDS

CUBA

HAITI

WESTERN SAHARA

MAURITANIA

MALI

NIGER

CHAD

MICRONESIA

GUATEMALA

EL SALVADOR

COSTA RICA

COLOMBIA

ECUADOR

PERU

VENEZUELA

BRAZIL

WESTERN SAHARA

SENEGAL

THE GAMBIA

GUINEA-BISSAU

GUINEA

SIERRA LEONE

LIBERIA

IVORY COAST

GHANA

TOGO

BENIN

SIERRA LEONE

LIBERIA

IVORY COAST

GHANA

TOGO

BENIN

SIERRA LEONE

LIBERIA

IVORY COAST

GHANA

TOGO

BENIN

SIERRA LEONE

LIBERIA

IVORY COAST

GHANA

KIRIBATI

FRANCE

French Polynesia

IRAN

ALGERIA

LIBYA

EGYPT

SUDAN

ETHIOPIA

KENYA

TANZANIA

UGANDA

RWANDA

BURUNDI

DEMOCRATIC REPUBLIC OF THE CONGO

REPUBLIC OF THE CONGO

ANGOLA

ZAMBIA

SWAZILAND

LESOTHO

SOUTH AFRICA

SOUTH
PACIFIC
OCEAN

SOUTH
ATLANTIC
OCEAN

St. Helena

(UK)

CHILE

SPRINGFIELD RESISTANCE STATE

ARGENTINA

PARAGUAY

URUGUAY

BRASIL

PERU

ECUADOR

COLOMBIA

VENEZUELA

CUBA

HAITI

GUATEMALA

EL SALVADOR

COSTA RICA

MEXICO

SOUTHERN OCEAN

SOUTHERN OCEAN

Antarctica

Бақыт Рүстемов

**ӘЛЕМДІК
ӘДЕБИЕТТІҢ ИГІЛІГІ**

Астана – 2010

УДК 82 (091)
ББК 833.3
Р 90

ISBN 978-601-0681-4

Кітапта Америка Құрама Штаттарының екі ғасырдан астам уақыттың ішінде дүниеге келіп аттары әлемге танымал болған жазушылары мен ойшылдары, олардың өздері мен еңбектері туралы қысқаша әңгімеленеді (библиографиялық мақалалар). Мұндай күрделі әрі ірі еңбек қазақ даласында тұңғыш рет жарық көріп отыр. Басты мақсат: қазақ оқырмандарын әлем әдебиетінің шоқтығында айтарлықтай орын алып келген әрі бүгінде сол ұлы істі жалғастырып келе жатқан АҚШ жазушыларымен таныстыру.

Егемен еліміз әлемге танымал болуы үшін, өзін әлемдік деңгейге шығару үшін әлем мәдениетін жақсы білуінің қажеттігі туып отыр. Жалпы мәдениет көптеген салалардан тұрады. Соның ішінде білімділік пен талғампаздықты, адамның ой-өрісін кеңейтетін, жер бетіндегі өмірдің мыңдаған қыр-сырын суреттейтін – бұл түрлі жанрдағы әдебиет саласы.

Америка әлемде әдебиеті едәуір мықты дамыған ел. Сондықтан әлемдік деңгейде мойындалған аса ірі әдебиетпен әрі оның талантты әдебиетшілерімен танысуға біден-бір мүмкіндік туып отыр.

Кітап шет ел әдебиетінің тарихымен және оның белді әдебиетшілерін зерттеушілерге, студенттерге, аспиранттарға және жалпы оқырмандарға арналған.

КІРІСПЕ

Әлем деңгейіндегі халықаралық әдебиет

Бүгінгі таңда елімізде әлем мәдениетін, оның ішінде шетел әдебиетін, шет ел әдебиеті өкілдерінің еңбектерін біліп-танып, оны күрделі де терең ізденімпаздықпен саралайтын еңбектер әлі жарық көрген емес. Бұл мәселемен әдебиет саласының ғылыми ізденістер жолында жүрген үлкенді-кішілі ғалымдарымыз айналасуы қажет сияқты еді. Егемендікке жеткен соңғы жиырма жылдың ішінде әлем мәдениеті бойынша әлем мәдениетінің ірілі-кішілі әдебиеттерімен танысатын уақыт әлдеқайда жеткен. Қоғамымызға ұсынылып жатқан еңбектер жоқтың қасы.

Әлемге танымал, әлем деңгейіне шығамыз әрі көтерілеміз десек олардың мәдениетін етене жақсы біліп, өз мәдениетімізбен басқа елдердің алдында көрінуіміз бұл түсінікті әрі айғақты шарт. Осы салада елімізде көзге түсетін еңбектер жасалынды ма? Жасалынбаса, себебі неде? Көптеген елдер әлемге өздерінің тек бай-кедейлігімен емес, азды-көпті өз еліне тән мәдениеттерімен танымал болып келе жатқанын білеміз.

Біз әлемдік әдебиеттің ілгерішіл үлгілерімен қаншама ерте таныссақ, соншама ерте олардың деңгейіне жетуге тырысамыз. Айналада не болып жатқанын білмесең қалай олармен сайысқа түсесің? Шынын айтсақ, бірлі-жарым шетел жазушылары мен ойшылдарын білеміз. Ал түбегейлі озық елдердің мәдениетін, оның ішінде әдебиетін, әлемге болмаса да, сол елдің ішінде танымал болған өкілдерін білеміз бе? Өкінішке орай, біздің әдебиетіміз бен мықты деген әдебиетшілеріміздің өзі, олардың басым көпшілігі тек өзімізге ғана танымал.

Кітаптың авторы Америка Құрама Штаттарының жерінде соңғы екі жүз жылдан астам уақыттан бері дүниеге келген үлкенді-кішілі жазушылары мен ойшылдарын қазақ оқырманына таныстыру үшін бірталай деректік мағлұматтарды қарастырып күрделі еңбек жасаған. Мен тәжірибелі журналист болғандықтан мұның артында қандай қиын ізденістер жатқанын енді түсініп отырмын. Шындығына келсек бұл еңбек екінің-бірінің қолынан келе беретін де іс емес. Бұл біздің мәдениетіміз бен әдебиетімізге ойда-жоқта күтпеген жерден қосылған

ұлан-ғайыр жеңіс пен табыс десем асылық бола қоймас. Өзімнің ізденістік шығармашылық тәжірибемде бірінші рет кездестіріп тұрған аударма саласындағы ірі еңбек. Бұл еңбектің бүгінгі оқырман мен келешек ұрпақтарға берер білімі шексіз. Әлемдегі АҚШ сияқты алпауыт елдің тұтас ірілі-кішілі дарынды қаламгерлері, жазушылық, журналистика және публицистика саласында өмір кешкен біразінің аттары әйгілі болған азаматтар туралы бір кітаптан мол мағлымат алу бұл игі істердің бірі. Мұндағы жазушылардың басым көпшілігі әлемдік әдебиеттің ілгерілеуіне едәуір үлес қосқан әрі әлемдік әдебиетте мойындалған тұлғалар.

Америка Құрама Штаттары жазушыларының еңбектерінің арқасында сол елдің саяси, экономикалық, тарихи, әлеуметтік тағы да басқа қоғамдағы болған, әрі болып жатқан күрделі жағдайларды пайымдауға болады. Американың тағдырындағы дағдарыстар мен «Ұлы депрессияның» адам баласының тағыдырына әсер еткені туралы көптеген, сол бір уақыттарда суреттемелеген ащы да тұщы шынайы әңгімелерден байқауға болады. Кітап - өмірдің айнасы. Кітап – өмірдің куәсі. Кітапты оқи отырып сол елдің жазушыларының шығармашылық, азаматтық және адами кейіптерімен танысуға болады.

Автор бұл еңбегін өз ықыласымен дүниеге әкеліп, өз қаржысымен жарыққа шығарып оқырмандарымызға сыйлап отыр. Өкініштісі, бұл еңбектің шектеулі ғана данамен шығуы.

Аманкелді ЖҰМАБЕК,
ақын, журналистика саласының ардагері

Құрметті оқырман!

Әлемдік мәдениет күрделі салалардан құралады. Оның ішіне бірден-бір бірегейі болып түрлі жанрлары мен әдебиеттік тармақтар кіреді. Әдебиеттің өзі шексіз философиялық маңызға толы адам жанынан, оның сезім мен ой-өрісінен туындаған ірілі-кішілі шығармашылық дүниелерден бастау алады. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойына не деген ғажап, ізденістерге толы әрі керемет суреттелген адам өмірінің қыры мен сырлары баяндалып келеді. Бұл еңбектердің басында адам баласының дарынды перзенттері тұр.

Біздің дәуірімізге дейін жер бетінде бірнеше ұлы өркениет қалыптасқандығын жақсы білеміз. Сол көне замандардан көптеген тарихи естеліктер бүгінгі күнге жетті. Тарихи ескерткіштердің арасында құндыларының бірі – бұл көне кітаптар, тас пен дуалдарда қалған жазулар. Ондағы мазмұны терең болашаққа өсиет қалдырған бабаларымыздың ұрпаққа деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығы еріксіз баурап бойыңа жылылық пен үлкен сезім мен сенімді ұялатады.

Біз өз мәдениетіміз бен әдебиетімізді біле тұра өзге елдің тіпті бүкіл әлемдік мәдениетпен, оның ішінде әдебиетімен терең де кең танысып озық ойлары мен үлгілерін өмірімізде пайдалана алсақ, біз де әлем мәдениетінің төріне шығатынымызға кәміл сенемін. Біздің де жазушыларымыздың әлем әдебиетіне қосқан зор үлесі әлі-ақ солардың ортасынан ойып тұрып өз орындарын алатынына күмәнданбаймын. Қазақ әдебиеті, қазақ тілі түрлі жанраларға бай әрі бақуат жер бетінде адамзат арасындағы әлі өзінің қандай құдіретті екенін паш ете алатын мазмұны мен тәлімділігі мол әрі шексіз Тіл екенін атап өткім келеді.

Ағылшын тілінің өркендеуіне оны ұлы етіп отырған ең бірінші ағылшындар, бес мың жылдық тарихы бар естен шыққан тілін бүгінде жаңғыртқан аз ғана еврейлер, әлемді өз тілінде сөйлетуге кіріскен қытайлардан тағы да көптеген отаншылдық рухты халықтардан біздің үлгі алар жеріміз көп-ақ. Ұлылық халықтың аз немесе көптілігімен шектеліп қалмас. Ұлылық - өз халқың мен тілінді жоғалтпай әрі ардақтай білуінде. Мұндай халықтың өзі де ұлы, мәдениеті мен әдебиеті де ұлы бола алады. Әлем сахнасында өз орнын ойып тұрып ала біледі. Мықтылар мен озғандарды мойындағандар өз елін өзгелерге мойындатады. Бұл жақсылыққа ұмтылған өмірдің заңдылығы.

Көптеген жылдар бойына Америка өз мәдениетімен, оның ішінде әдебиетімен көптеген халықтарды таныстырып келеді. Оларда

«тіл» мәселесін өркендету мен дамыту істері мемлекеттік деңгейде қатты қолға алынған. Көптеген іс-шаралар өткізіліп тұрады. Әсіресе өткізіліп отырған іс-шаралардың сапасына көңіл бөлінеді. Әдебиет саласына өзін бағыштаған қаламгерлер ешуақытта ескерусіз қалмаған. Мұнда көптеген әдебиетшілерге арналған сайыстар өтіп, жүлделер мен тағы да басқа марапаттаулар қолдау тауып отырады. Әсіресе жас қаламгерлерге деген ықылас ерекше.

Әлемде тек күшімен емес, әдебиетімен де мойындалған мемлекеттің ойшыл әрі ірі қаламгерлерін өздеріңізге таныстырғанды жөн көрдім. Көбісі әлемге танымал жазушылар. Бұлардың еңбектерінен американдықтардың екі ғасырдан астам уақыттың арасында дамуы мен құлдырау сәттерін байқайсыз. Олардың өмірлерін қаламгерлердің шынайы суреттеулері оқырмандарды көптеген ойларға жетелейді деп білемін. Жер шарының арғы бетінде өмір сүрген халықтардың мұң-мұқтаждары біздікімен ұқсас екенін түсіне бастайсың. Сондықтан да адам адамға дос дегеннің сол достықтың қадіріне жету керек дегенге терең бойлай бастайсың.

Америка Құрама Штаттары кезінде басынан көптеген тауқыметті өткізді. Англиядан өз бостандығын алу, Солтүстік пен Оңтүстік болып шайқасу, азаматтық соғыстары американдықтардың өмірінде үлкен із қалдырды. Қара нәсілді халықтардың да өз құқықтары үшін күресуі оң нәтижелерін берді. Мұның бәрі демократияның бұл елде шынайы орын алғанының дәлелі. Американдықтар ақ көңіл, әрі патриот халық. Олар әлемде қашанда өздерінің ілгерішіл болып келе жатқанын мақтаныш тұтады.

1930-шы жылдардағы болған «ұлы депрессия» америкалық экономиканы қиратып кетті десе болады. Екінші дүниежүзілік соғыс оны қайта өрлетті. Құрама Штаттар әлемдегі ең ірі державаға айналды, ал соғыстан кейінгі буындағы америкалықтар теңдессіз молшылықта және еркіндік жағдайларында өмір сүрді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жоғары білім беру мекемелерінің желісін кеңейтудің және бүкіл Америкаға теледидарды таратудың арқасында қарапайым адамдардың қажетті ақпаратты өз бетінше алып, дамуына мүмкіндік ашылды. Тұтынушылық тауарлардың молдығы және қала маңындағы кең әрі әдемі тұрғын үйлерге қол жеткізу орта топтағы жанұяны едәуір дербес етті. Фрейдтің психологиясына негізделген танымал теориялар жеке адамның тұлғасының қалыптасуы мен маңыздылығына көңіл бөлді. Жүктілікке қарсы сақтандырғыш

құралдар әйелдерді биологиялық императивтен тәуелсіз етті. Алғаш рет тарихта көптеген әдеттегі адамдардың өмірі өзінің маңыздылығын паш етуге мүмкіндік беріп, оларға үлкен қанағаттанушылық әкеле бастады.

Адамның құқықтары үшін қозғалыспен және 1960-шы жылдардағы соғысқа қарсы наразылықтармен үйлесе отырып, жаппай индивидуализмнің көтерілуі сол кезге дейін үндемей келген дауыстардың естіле бастауына мүмкіндік берді. Жазушылар өзінің ең маңызды ішкі мәнін және жеке тәжірибесін айтып отырды, ал жеке тәжірибенің құндылығы ол байланысты болған топтың құндылығы деп есептелді. Гомосексуалистер, феминист әйелдер және маргиналдар өздері туралы жұртқа естірте жариялады. Америкалық арманның немесе америкалық жантүршігерліктің өз нұсқасын ұсынған америкалық еврейлердің және афроамерикалықтардың шығармалары кең аудиториясын тауып отырды.

Джон Чивер немесе Джон Апдайк секілді протестант тектес жазушылар соғыстан кейінгі мәдениеттің оларға ұқсас адамдардың өміріне тигізген әсерін талқылады. Кейбір заманауи жазушылар әлі күнге дейін алдағы ұрпақтардың дәстүрлерімен, мысалы реализммен байланысады. Кейбіреулерін классицистерге, ал екінші біреулерін экзистенциализм мен социализм секілді жаппай мәдениеттің немесе философиялық ағымдардың құбылмалы әсерімен қалыптасқан эксперименталистерге жатқызуға болады. Көбісін этникалық немесе аймақтық белгісі бойынша топтастырған оңай шығар. Алайда, тұтастай алғанда барлық замандас жазушылар адамзат құндылығының маңыздылығы туралы айтады.

Бүгінде біз Эрнест Хэмингуей мен Джон Стейнбекті, Уильям Фолкнер мен Марк Твенді, Эдгар По мен Ралф Уолдо Эмерсонды, Джеймс Фенимор Купер мен Эмили Дикинсонды, Теодор Драйзер мен Джек Лондонды, Фрэнсис Скотт Фицджеральды, Ралф Эллисон мен Курт Воннегуттармен тағы да көптеген ұлы қаламгерлердің біраз еңбектерінен америкалықтардың өмірімен олардың әлеуметтік әрі тарихи дамуларымен таныса білдік. Әрине бұлар туралы бұл керемет жазушылардың еңбектерімен тек орыс тілінде ғана таныса аламыз. Көптеген әлемге танымал америка жазушыларын қалың қазаққа өз тілімізде жеткізе алсақ бұл бір игі іс болар еді. Осы орайда ойланып мен 2004-2005 жылдары Нобель сыйлығының лауреаттары Джон Стейнбек пен Уильям Фолкнердің азын-аулақ әңгімелерін ана тілімізге аударып

халқыма ұсындым. Бұлар «Әлемнің тылсым дүниелері» атты кітабыма енді. Мемлекет тарапынан қолдау таппағандықтан бұл еңбектер аз мөлшерде жарық көрді. Оны да өз қаржыма шағаруға тура келді.

Америка құрлығынан көптеген дарындар мен таланттылар әртүрлі саладан өз биігінен көріне білді. Жалпы әлемнің дамуына айтарлықтай үлестерін қосты. Басқа халықтарға мәдениет пен ғылым, философия мен тарих, архитектура мен антропология, экономика мен әлеуметтік тағы да көптеген өнегелі үлгілерімен әлемді мойындатып келеді. Бұл мәселелерде әрине жаңалықтарды прогрессивтік жеңістерге жеткізетіндердің бірі болып жас таланттар табылады. Бүгінгі әңгімемізде тек мәдениет, оның ішінде әдебиетке салмақ салып отырғандықтан, Америка Құрама Штаттарының бүгінгі талантты жастарын атап кетуге тура келіп отыр. Бұлардың арасынан болашақ әлемге танымал ірі жазушылар қатарынан көрінетіндері баршылық. Қалың оқырмандардың ықыласына бөленіп келе жатқан бірден-бір жас жазушылардың арасынан Мира Нейрді, Дэн Чаонды, Нэн Муниды, Нил Поллакты, Джордж Синглтонды, Ник Редингті, Джонатан Сафран Фоерды, Джонатан Фрэнзенді, Ана Менендесті, Айлин Розенцвейгті, Синтия Ройлинді, Хэмптон Сайдздерді атар едім.

Біз үшін Америка тұтас бір құрлық. Ал мұнда көптеген халықтар өмір сүріп келеді. Әсіресе Латын Америкасы жерінде майя мен ацтектердің көне цивилизациялары таңғажайып архитектуралық құрылыстар қалдырып отыр. Олардың өмірлері мен күйрелуі түрлі аңыздар мен әфсаналарға толы. Латын Америкасының ұлы жазушыларының біраз еңбектерін ана тілімізге аударып олар «Күрес пен Жеңіс» атты кітабымда жарық көрді.

Жер бетінде халықтар достығының мәңгі болуын тілеп келе жатқан көзге іліне бермейтін бір кішкентай азаматпын. Алты жарым миллиардтан асқан адам баласы қашан өздерін бір шаңырақтың астында өмір сүріп отырған бір үйдің баласындай сезінер екен деп көп ойланамын. Бұл менің өмірімнің ең басты тақырыбы мен мазмұны. Түсіністік пен сыйластыққа, достық пен бақытқа апарар бірден-бір жол - бұл бір-бірімізді қадірлеп, сыйлауда. Күшпен емес, жалпы ұлы адами қасиеттерімізбен. Қай нәсілден болмайық, қай дінді ұстанбайық, бейбіт өмір сүру біз үшін басты бағыт болғаны абзал. Болашақ ұрпақтарымыздан нағлет емес, рахмет алу үшін өмір сүруіміз керек.

Автор

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Өте ертеректе американдық жазу жергіліктілерге ауыстырылып берілген тармақ ретіндегі еуропалық формалар мен стильдер болды. Мәселен, Чарльз Брокден Браунның «Вилэнд» атты шығармасы мен басқа да романдары сол кезде Англияда жазылып жатқан готикалық романдардың энергетикалық иммитациялары еді. Вашингтон Ирвингтің (1753-1859 ж.ж.) жақсылап өңделген хикаяларының өзі, атақты «Рип Ван Винкль» мен «Ұйқыдағы ой аңызы», Жаңа Әлемде жазылғанына қарамастан, еуропалық болып көрінеді.

Жаңа көркем әдебиет пен поэзияны батыл түрде жасаған алғашқы американдық жазушы Эдгар Аллан По (1809-1864 ж.ж.) болар. 1935 жылы По өзінің адам психологиясының бұрын қалтарыста қалып келген деңгейлерін зерттейтін және көркемсөз шегін жұмбақ пен қиялға қарай итермелейтін әңгімелерін жаза бастады. Олардың ішінде «Қызыл ажал маскасы», «Құдық мен маятник», «Ашер үйінің күйреуі» және «Морг көшесіндегі кісі өлтірулер» болды.

Сол уақытта, 1837 жылы жас Натаниэль Хоторн (1804-1864 ж.ж.) өз әңгімелерінің бірқатарын «Екі рет баяндалған хикаялар» ретінде жинақталды. Ол символизм мен оккульттік инциденттерге бай том болды. Хоторн өзінің отаны Жаңа Англияда айып, абырой және сезім негізінде басым көрсетушілік сияқты тақырыптарды зерттейтін толық көлемді «романстар», квази-аллегориялық романдарды жазуын жалғастырды. Оның «Скарлет хаты» атты озық туындысы зинақорлыққа барғаны үшін өз қауымдастығынан аластатылған әйелдің драмасы болып табылады.

Хоторнның көркемсөзі оның досы Герман Мелвиллге (1819-1891 ж.ж.) қатты әсер еткен. Ол өз атын алдымен теңізші болған кезіндегі көрген-білгенінен туындаған материалды экзотикалық романдарға айналдыру арқылы шығарды. Хоторнның үлгісінен дем алған Мелвилл философиялық спекуляцияға бай романдар жазумен шығармашылығын жалғастырады. «Моби Дик» шығармасында түрлі оқиғаға толы кит аулау сапары бірдеңеге бола басқаның бәрін ұмытушылық, жамандықтың болмысы және адамның табиғат дүлейлеріне қарсы шайқасы сияқты тақырыптарды қозғайды. «Билл Бадд» деп аталатын повесінде Мелвилл соғыс кезінде кеме үстіндегі парыз бен аяныштың қарама-қайшылықты

талаптарының драмасын көрсетеді. Оның тереңірек мағыналы кітаптары нашар сатылып, қайтыс боларының алдында ол ұзақ уақыт бойы ұмыт қалды. Оның шығармашылығы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтары барысында қайта ашылды.

1836 жылы бұрын священник болған Ральф Вальдо Эмерсон «Табиғат» деген қоғамды дүр сілкіндірерлік көркем-әдеби емес кітабын жария етті. Онда ол ұйымдастырылған дінсіз-ақ күн көруге болады және табиғи әлемді зерттеу мен оған жауап беру арқылы асқақ рухани жағдайға жетуге болады деп дәлелдеп бақты. Оның еңбегі сол кісінің айналасына «Трансцендентализм» деген атпен танылған қозғалысты құруға жиналған жазушыларға ғана емес, сонымен қатар оның лекциясын тыңдаған жұртшылыққа да әсер етті.

Эмерсонның ең қабілетті ойшыл пікірлесі Генри Дэвид Торо (1817-1862 ж.ж.) болды. Орманды тоғанның жанындағы шалашта көбіне өзімен-өзі екі жыл бойы өмір сүрген соң, Торо «Вальден» деген кітап көлемінде естелік жазды. Онда ол ұйымдасқан қоғамның мезі қылатын диктаторына қарсылыққа шақырды. Оның радикалды жазулары американдық мінез-құлыққа тән индивидуализм бағытындағы терең тамырлы үрдісті көрсетеді.

Марк Твен (Сэмюэл Клеменстің лақап аты, 1835-1910 ж.ж.) Шығыс жағалаудан алыс шекаралық штат алғашқы американдық ірі жазушы болды. Оның регионалдық үздік туындылары «Миссисипидегі өмір» деген естелік кітабы мен «Гекльберри Финнің бастан кешкендері» деген романы 2-інші тарауда айтылды. Твеннің – журналистиканың ықпалына ұшыраған, жергілікті диалектіге байланыстырылған, тура, әшекейленбеген, бірақ сонымен қатар, жоғары деңгейде сезімдерді қозғайтын және күлкілі стилі американдықтардың өз тілінде жазу жолын өзгертті. Оның кейіпкерлері кәдуілгі адамдар құсап сөйлейді және жергілікті диалектілерді, жаңадан шығарылған сөздерді және аймақтың акценттерді (екпіндерді) пайдаланатын айрықша американдық болып көрінеді.

Генри Джеймс (1843-1916 ж.ж.) Ескі әлем-Жаңа әлем дилеммасына олар туралы тура жазу арқылы бетпе-бет келді. Өзі Нью-Йоркте туғанымен, ол ересек шағының үлкен бөлігін Англияда өткізген. Оның романдарының біразында Еуропада тұратын немесе сонда сапар шеккен американдықтар орталық кейіпкерлер ретінде көрсетілген. Өзінің шытырманды, жоғары дәрежеде ұстамды сөйлемдерімен және

сезім қалтарыстарын талдауымен Джеймстің шығармашылығының абыржытарлықтай болуы мүмкін. Оның оқуға жеңіл шығармалары – Еуропадағы тамаша американдық қыз туралы «Дэйзи Миллер» деген және жұмбақты елес баяны ретіндегі «Бұранданың бұралысы» деген хикаялары.

Американың ХІХ ғасырдағы ең ірі екі ақынын темпераменті мен стилі жағынан басқаның басып түсуі екіталай. Уолт Уитмен (1819-1892 ж.ж.) жұмысшы, саяхатшы, американдық Азамат соғысы кезінде (1861-65 ж.ж.) өздігінен медициналық күтуші және поэзияға жаңалық әкелуші болды. Оның басты шығармасы «Шөп жапырақтары» атты туындысы болды. Онда ол американдық демократияның кең ауқымдылығын суреттеу үшін еркін ағымды строфалар мен ретсіз ұзындықты жолдарды қолданды. Осы негізгі идеяны бір адам әрі алып, ақын американдық тәжірибенің кең тізбегін өзімен салыстырып, шегіне жеткен эгоист сияқты болып көрінбеудің амалын табады. Мәселен, «Шөп жапырақтарының» «Өзімнің әнім» деп аталатын ұзын, орталық поэмасында Уитмен былай деп жазады: «Бұл шындығында барлық жерлердегі және барлық жастардағы бүкіл адамның ойлары, олар менікі емес...».

Уитмен, сонымен қатар, дене ақыны – өзі атағандай, «дене электрі» – болды. «Классикалық американдық әдебиет бойынша зерттеулер» атты еңбекте ағылшын романисті Д.Х. Лоуренс Уитмен «адамның жаны оның тәнінен «үстем» және «жоғары» бірдеңе деген ескі моральдік тұғырнаманы быт-шыт еткен алғашқы адам болды», – деп жазды.

Ал Эмили Дикинсон (1830-1886 ж.ж.), екінші жағынан, Массачусетстің кішкене қаласында зайырлы, тұрмыс құрмаған әйел ретінде жабық жағдайда өмір сүрді. Формальдік құрылымының ауқымында оның поэзиясы тапқырлығымен, сөзінің өткірлігімен, тамаша өңделіп жетілдірілгенімен және психологиялық тереңдігімен айрықшаланады. Оның жұмысы өз заманы үшін тосын болды, сондықтан жазғанының аз бөлігі ғана ақынның көзі тірісінде жарияланды.

Оның поэмаларының көбі өлімге тоқталды. Бұл көп жағдайда залалды бұрмалаушылықпен істеледі. «Өйткені мен өлім үшін тоқтай алдым, – деп басталады олардың бірі. – Ол мен үшін ізеттілікпен өзі тоқтады». Дикинсонның тағы бір поэмасының кіріспесі оның еркектер үстемдік ететін қоғамдағы әйел және танылмаған ақын ретіндегі

жағдайын ермек еткендей болады: «Мен ешкім де емеспін! Сіз ше? Сіз де ешкім емессіз бе?»

XX ғасырдың басында американдық романистер жоғарғы өмірді де, төменгі өмірді де қамту мақсатында көркем шығармашылықтың әлеуметтік спектрін кеңейтумен айналысты. Эдит Уортон өз әңгімелері мен романдарында жоғарғы класты, ішінде өзі туып-өскен Шығыстағы теңіз жағалауы қоғамын сын көзбен зерттеді. Оның ең тамаша кітаптарының бірі болып табылатын «Бейкүнәлік шағы» тамаша бөтеннен гөрі басқалармен қатарлас, қоғам тарапынан қабылданатын әйелге үйленгенді таңдайтын адамды орталық кейіпкер ретінде қарастырады. Шамамен сол уақытта «Батылдың қызыл белгісі» деген романымен ең көп танылған Стивен Крейн (1871-1900 ж.ж.) «Мэгги: көшелер қызы» атты туындысында Нью-Йорк қаласы жезөкшелерінің өмірін суреттеді. Ал «Кэрри қарындас» романында Теодор Драйзер (1871-1945 ж.ж.) елдік жерден шығып, Чикагоға көшіп барған, сосын біреудің ермегі ретінде қолына қарап күн кешетін әйелге айналған қыздың бейнесін жазады.

Форма мен стильде эксперименттер жүргізу көп ұзамай тақырыптық бағыттағы жаңа еркіндікке ұласты. 1909 жылы Парижде тұрған Гертруда Стейн (1885-1946 ж.ж.) «Үш өмір» деген өзінің кубизммен, джазбен және қазіргі заманғы өнер мен музыкадағы басқа да қозғалыстармен жақсы таныстығынан туындаған ықпалын көрген инновациялық көркем шығармасын жарыққа шығарды.

Акын Эзра Паунд (1885-1972 ж.ж.) Айдахода өзінің ересек ғұмырының басым бөлігін Еуропада өткізді. Оның шығармашылығы күрделі, кейде күнгірт, онда өнердің басқа формаларына және Батыспен Шығыстың әдебиетіне жүгінулер бар. Ол көптеген басқа ақындарға, оның ішінде әсіресе тағы бір ел сыртында ғұмыр кешкен Т.С. Элиотқа (1888-1965 ж.ж.) ықпал етті. Элиот символизмнің қою структурасына негізделген үнемді, миға шақталған поэзия жазды. «Құлазыған жер» атты шығармасында ол бөлшектелген, жиі елес беретін образдар түріндегі I Дүниежүзілік соғыстан кейінгі қоғамның сарғайған көрінісін жасады. Паундтыкі сияқты Элиоттың поэзиясының да жоғары деңгейде астарлы болуы мүмкін, сондықтан «Құлазыған жердің» бірқатар басылымдары ақынның өзінің түсіндірмелерімен шықты. 1948 жылы Элиот әдебиеттегі Нобель сыйлығын жеңіп алды.

Американдық жазушылар да соғыстан кейінгі көңілдің қалушылығын танытты. Ф.С. Фитцджералдтың (1896-1940 ж.ж.) әңгімелері мен романдары 1920-сыншы жылдардың тынымсыз, жанға жайлыға құштарлы, дегенге көнбейтін көңіл-күйін жазбай ұстап келтірген. «Ұлы Гэтсбиде» өткір түрде көрініс тапқан Фитцджералдқа тән тақырып жастықтың алтын армандарының сәтсіздік пен көңіл қалушылыққа түсіп, шайылып жойылуы болып табылады.

Эрнест Хемингуэй (1899-1961 ж.ж.) I Дүниежүзілік соғыс кезінде жедел жәрдем машинасының айдаушысы ретінде күш көрсету мен өлімді өз көзімен тікелей көрді, және де жөн-жосықсыз қырғын оны абстрактылы тіл негізінен бос және адастырушы болады деген пікірге жетеледі. Ол өзінің жазғанының ішінен қажетсіз деп тапқан сөздерді сызып тастап отырды, сөйлемнің құрылымын жеңілдетіп, нақты нәрселер мен қимыл-әрекеттерге баса назар аударды. Ол қысым мәжбүрлігінен туындайтын батылдыққа ден қоятын моральдік кодексті ұстанды және оның кейіпкерлері күшті, бірақ сөйлеп жарымайтын, әйелдермен қарым-қатынаста қолапайсыздық танытатын ер адамдар болды. «Күн де көтеріледі» және «Қош бол, қару» шығармалары жалпы оның ең үздік романдары ретінде танылды. 1954 жылы ол әдебиеттегі Нобель сыйлығына ие болды.

Көркем әдебиетке қосымша, 1920-сыншы жылдар драма үшін де бай кезең болды. Юджин О'Нил (1888-1953 ж.ж.) өз пьесаларын жаза бастағанға дейін американдықтардан шыққан маңызды драматург болмаған еді. 1936 жылы әдебиеттегі Нобель сыйлығын алған О'Нил адамның ішкі жан-дүниесін зерттеуде классикалық мифологияға, Библияға, және жаңа ғылым болған психологияға арқа сүйеді. Ол секс пен отбасы ұрыс-керістері туралы ашықтан-ашық жазды, бірақ оның баса назар аударғаны жеке адамның өзін-өзі табу жолындағы ізденісі болды. Оның ең ұлы шығармаларының бірі болып табылатын «Түн ішіне қарай ұзақ күн саяхаты» – көлемі жағынан шағын болғанымен, тақырыбы жағынан үлкен, көбіне автордың өз отбасында болғанға негізделген, жанға батарлықтай драма.

Американың тағы да бір тамаша өзіндік драматургы Теннесси Уильямс (1911-1983 ж.ж.) болды, ол өзінің оңтүстіктік мұрасын поэтикалық, сонымен қатар сезімдік пьесаларда танытты. Олар негізінен қатыгез ортаның бұғауындағы сезімтал әйелдер туралы жазылған. Оның пьесаларының бірқатары бойынша фильмдер жасалды, олардың

ішінде «Қалау трамвайы» және «Ыстық қаңылтыр шатырдағы мысық» бар.

Хемингуэйден бес жыл бұрын басқа бір американдық романшы Нобель сыйлығына ие болды. Ол – Уильям Фолкнер (1897-1962 ж.ж.). Фолкнер Миссисипи штатының өзі ойлап шығарған Йокнапатофа округында адамгершіліктің ғаламат мөлшерін сыйғызып ұстаудың амалын тапқан. Ол өзінің кейіпкерлерінің сөздерін олардың ішкі жай-күйлерін көрсету мақсатында редакцияланбағандай болып көрінетін жөн-жосықсыз күйінде берген; бұл техника «ақыл-ес ағыны» деп аталады. (Іс жүзінде бұл үзінділер мұқият шеберлікпен жасалған, және де олардың кездейсоқ болып көрінуі алданыш.) Ол сонымен қатар өткеннің – оның ішінде Оңтүстіктің құл иеленушілік заманының – бүгінде қалайша жалғасын тауып жатқанын көрсету үшін уақыт реттерін өзара ауыстырып, араластырған. Оның ұлы шығармалары – «Дыбыс пен адуындық», «Абесалом, Абесалом!», «Түс, Моисей» және «Жеңілмеген».

Фолкнер оңтүстіктік әдеби ренессанстың бір бөлігі болып табылады. Оның құрамына онымен қатар Трумэн Капоте (1924-1984 ж.ж.) және Фленнери О'Коннор (1925-1964 ж.ж.) сияқты тұлғалар кіреді. Капоте беллетристикалық және беллетристикалық емес әңгімелер мен романдар жазғанымен, оның ең шебер шығармасы «Салқын кандылықпен» деп аталған көптеген кісі өлтіру мен оның салдарының нақты есебі болды. Онда мықты репортаж романшының психологияға терендей енуімен және кристалды прозамен араластырылған. Одан басқа «Беллетристикалық емес романның» практиктерінің арасында өзінің «Түн армиялары» атты еңбегінде соғысқа қарсы Пентагонға ұйымдастырылған марш туралы жазған Норман Мейлер (1923 жылы туған) мен өзінің «Дұрыс нәрсе» атты шығармасында американдық астронавтар туралы жазған Том Вулф (1931 жылы туған) бар.

Фленнери О'Коннор католик болғандықтан өзі туып-өскен негізінен протестанттық Оңтүстікте жат адам болды. Оның кейіпкерлері – Құдайға бола да, Сатанаға бола да елеуреген протестант фундаменталистері. Ол өзінің трагикомедиялық әңгімелерінің арқасында ең көп танылды.

1920-сыншы жылдар Нью-Йорк қаласында өнерлікәсіпшіл қара нәсілділер қаумдастығының көтерілгенінің куәсі болды. Гарлем ренессансы деп аталған кезең Лэнгстон Хьюз (1902-1967 ж.ж.), Каунти Каллин (1903-1946 ж.ж.) және Клод Маккей (1889-1948 ж.ж.) сияқты дарынды

ақындарды берді. Романшы Зора Нил Херстон (1903-1960 ж.ж.) афро-американдық ауыз әдебиеті дәстүрінен бастау алатын жарқын әңгімелер жазу үшін өзінің әңгіме айту дарынын антропологиялық зерттеумен қабаттастырды. «Олардың көздері бақылаушы Құдай» деген роман сияқты ақшыл түсті афро-американдық әйелдердің өмірі мен некелері туралы кітаптары арқылы Херстон қара нәсілді әйел романшылардың кейінгі ұрпағына әсер етті.

II Дүниежүзілік соғыстан кейін түрлі жазушылардың еңбектеріне көрсетілген қошемет қара нәсілді жазушыларды американдық әдебиеттің негізгі бөлігіне әкеліп қосты. Джеймс Болдуин (1924-1987 ж.ж.) «Джованнидің бөлмесі» атты шығармасында нәсілшілдікке деген өзінің наразылығы мен өзінің сексуалдылығын ашық мақтан ететіндігін көрсетті. Ральф Элиссон (1914-1994 ж.ж.) «Көрінбейтін адам» деген шығармасында ақ нәсілділердің көлеңкесінде көрінбестей болып қалған афро-американдықтардың көрген зардабын осы күнгі әлемдегі адамның өзін-өзі іздеуімен байланыстырды.

1950-інші жылдары Батыс жағалау және әдеби қозғалысы – поэзия мен көркем әдебиеттің «Биит ұрпағын» дүниеге әкелді. Бұл атау, сондай-ақ, бір жағынан джаз музыкасының ритміне (ырғағына), екінші жағынан, соғыстан кейінгі қоғам тозып бітті деген түсінікке және есіртілер, алкоголь және шығыс мистицизмі сияқты жаңа нәрселерге ұмтылушылыққа байланысты қолданылды. Ақын Аллен Джинсберг (1926-1997 ж.ж.) әлеуметтік наразылық пен көріністік экстаз әуенін «Айқай» атты шығармасына қосты. Осы бір уитмендік еңбек мынадай қуатты жолмен басталады: «Мен өз ұрпағымның есуастықтан күйреген ең үздік ақыл иелерін көрдім...». Джек Керуак (1922-1969 ж.ж.) өзінің «Жол үстінде» деген эпизодтық романында «бииттердің» алаңсыз, гедонистік өмір салттарын дәріптейді.

Ирвинг пен Хоторннан бүгінгі күнге дейін әңгіме американдық сүйікті форма болып келеді. Оның XX ғасырдағы шеберлерінің бірі Джон Чиверс болды, ол американдық өмірдің тағы бір қырын – үлкен қалаларды айнала қаулап көтерілген ағыл-тегіл төңіректік елді мекендерді – әдебиет аясына енгізді. Чиверс ұзақ уақыт бойы өзінің тереңдігімен танылған «Нью-Йоркер» журналымен байланыста болды.

Әлі де болса жазылып жатқан әдебиеттегі үрдісті танып білудің қауіпті болуы мүмкін болғанымен, кейінгі кезде этникалық азшылық топтарының мүшелері қаламынан туындаған көркем әдебиеттің

көтерілуі таң қалдырарлық. Осы жерде тек бірнеше мысал келтірейік. Байырғы американдықтар қатарынан шыққан жазушы Лесли Мармон Силко (1948 жылы туған) ауызекі тіл мен дәстүрлі хикаяларды «Суық дауыл жарығында» сияқты елесті, лирикалық поэмалар жасау үшін пайдаланады. Тегі қытайлық болып табылатын Эми Тан (1952 жылы туған) «Қуаныш бақыты клубы» атты туындысында өз ата-анасының Калифорниядағы бастапқыда көрген қиыншылықтарын суреттеді. Тегі Кубадан шыққан Оскар Ихуэлос (1951 жылы туған) 1991 жылы өзінің «Мамбо кингс махаббат ойын әндері» деген романы үшін Пулитцер сыйлығын алды. «Баланың өз тарихы» дегеннен басталған романдар тізбегінде Эдмунд Уайт (1940 жылы туған) өсіп келе жатқан гомосексуалистің қиналысы мен комедиясы көрінісін түсіріп берді. Ақырында афро-американдық әйелдер кейінгі онжылдықтардағы ең қуатты көркем әдебиетінің бірқатарын дүниеге әкелді. Олардың бірі, «Сүйікті» мен басқа да туындылардың авторы Тони Мориссон (1931 жылы туған) 1993 жылы әдебиеттегі Нобель сыйлығына ие болды. Ол осындай биіктіктен көрінген тек қана екінші американдық әйел болып табылады.

Бүгінгі таңда бұл ұлы әдебиетке өз үлестерін қосып келе жатқан талантты жазушылар туралы деректерді кітаптың «Америка Құрама Штаттарының қазіргі заман жазушылары» дейтін тарауынан көріп, таныса аласыздар.

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕ МОЙЫНДАЛҒАН БЕТКЕ ТҰТАР ПРОГРЕССИВТІК ЖАЗУШЫЛАРЫ

Адамс (Adams), Генри Брукс (16.II.1838, Бостон, Массачусетс – 27.II.1918, Вашингтон) – прозашы, эссеші, тарихшы. АҚШ саяси өміріндегі бірнеше ұрпақ бойы көрнекті роль атқарған отбасында туған: арғы атасы, Джон Адамс (1735-1826), және атасы, Джон Куинси Адамс (1767-1848), ел президенттері болған. Гарвардта және Берлин университетінде білім алған. Ол саяси қызметке дайындайтын ортада өсті, бірақ отбасы дәстүрлеріне қарамастан ғылыми-әдебиет майданын таңдады. Азаматтық соғыс жылдарында Лондонда Англияның Конфедерация жағында соғысқа кірісуін болдырмас үшін елші ретінде жіберілген әкесінің хатшысы болды.

1868 жылы Америкаға қайтып келісімен, «Норт американ ревьюда» және басқа журналдарда әлеуметтік, экономикалық және саяси сипаттағы мақалаларын жариялап, журналистикамен айналысты. 70-ші жж. басынан бастап бірнеше жыл Гарвардта тарих пәнінен сабақ берді. 70-ші жылдарда және 80-ші жж. басында бір уақытта монументалды 9-томдық «Т.Джефферсонның және Дж. Мэдисонның басқару жылдарында Америка Құрама Штаттарының тарихына» (History of the United States During the Administrations of Thomas Jefferson and James Madison, 1884-1891) жұмыс жасады, оған америкалық революция мен республиканың бірінші жылдарындағы саяси және мемлекеттік қайраткерлердің «Альберт Галлатиннің өмірі» (The life Albert Gallati, 1879) және «Джон Рэндолф» (John-Randolf, 1882) өмірбаяндары тақырыбы жағынан қосылады. Бұл еңбектер революция дәуірінде қалыптасқан демократия идеяларының Адамсқа жақындығы туралы куәландырады. Алайда ол тіпті мемлекет басында Джефферсон тұрған уақыттың өзінде де оларды жүзеге асырудың мүмкін еместігін айтқан. Рас, Адамс бұны идеалдардың өздерінің ішкі қарама-қайшылығына қарағанда, сыртқы жағдайдың қиындығымен түсіндірген.

Сонымен бірге Адамс әлеуметтік-саяси және философиялық мәселелер ортасында тұрған «Демократия» (*Democracy*, 1880,) және «Эстер» (*Esther*, 1884) романдарын жасап, әдебиетке жүгінді.

1885ж. жеке қайғыны бастан кешіріп (әйелінің өзін-өзі өлтіруі), Адамс Шығысқа және Тынық мұхиттың аралдарына ұзақ уақыт саяхатқа

жөнелді. Ол жақтарда ол буддизмді және жергілікті адамдардың басқа діндерін, салт-дәстүрлерін зерттеумен айналысты, аңыздар мен әңгімелер жазып, олардың негізінде Полинезия халықтарының және олардың отарлану тарихын қайта жасады. Ол көп саяхаттады және соның нәтижесінде Ресейде екі рет болған.

Адамс монополистік капитализм мен империализм фазасына кірген Америкаға 1892ж. қайта оралысымен тап болған өзгерістер оның ақиқаттан көңіл қайтуын тереңдетті. Ол бұл Америкамен Джефферсондық демократияның идеалдары сәйкес келмейтіндігін түсінген алғашқылардың бірі болды. Сол заманғы Американың жағымсыздығы және оның елестетуінде қоғамдық дамудың өзге баламасының жоқтығы оның бойынан терең пессимизм туғызды.

Соңғы, әдебиеттік тұрғыдан қарағанда едәуір жемісті кезеңде жасалған туындыларға осы көңіл-күй берілген: «Мон-Сен-Мишель және Шартр» (*Mont-Saint-Michel and Chartres, 1904*) «Генри Адамстың тәрбиесі» (*The Education of Henry Adams A Letter to American Teachers of History, 1910*). «Мон-Сен-Мишель» – тарихи-өнертану зерттеу нысанында, «Тәрбие» өмірбаян нысанында жазылған. Мәнісі жағынан, оларды америкалық демократияның дәстүрлі идеалдарының дағдарысын бетін ашатын дәуірде идеалдарды іздеу біріктіреді. Автордың өзі де бұл туындылардың бірін – «XII жүзжылдықтың бірлігін зерттеу», екіншісін – «XX жүзжылдықтың көптігін зерттеу» ретінде анықтап, оларды өзара байланысты туындылар деп қарастырған.

Бірлік символы Адамс үшін Мария Қыз болды, оның бейнесі баян етуінде теологиялық қана емес, сонымен қатар метафорикалық – рухани жетілгендіктің жүзеге асырылуы сипатында болды. Адамс оған XX ғ. өзіне рухани мәнді сіңірген, символ ретінде «динамо-машинаны» қарама-қарсы қояды. Жазушы жоғалтқанның орнына жаңа қоғамдық идеал таба алмады, және бұл онвғ болмыстың мағынасына туралы ойларына ол тағдыр жабынымен жасырған, қайғылы өң берді. Оның «Мон-Сен-Мишель» және «Генри Адамстың тәрбиесі» атты үздік өнер туындылары танылған кітаптарын жазуға түрткі берген жан күйзелістері ортақ үндестікке ие болып, ал еңбектері елдің рухани және әлеуметтік дамуын сын көзбен бағалайтын, XX ғ. Америка әдебиетінің дамуындағы бір белгі болып қалды. Жазушының кең эпистолярлық мұрасы да үлкен қызығушылық білдіреді.

М. Коренева

Адамс (Adams), Сэмюел (27.IX.1722, Бостон, Массачусетс-2.X.1803, сол жерде) – әдебиетші, журналист, америкалық қоғамдық қайраткер, Ұлыбританияның үстемдіктеріне қарсы отарлауға қарсы күрестің едәуір белсенді ұйымдастырушыларының және беделді идеологтарының бірі.

Бай көпестің және кеме қожайынының ұлы, Адамс дәстүрлі білім алды: Бостондағы Латын мектебі және Гарвард университеті (1740 ж. аяқтады.). 1743 ж. диссертация қорғап, онда «жоғарғы магистраттарға қарсыласудың заңдылығы туралы» тезисті дамытты. Алайда, отбасының қысымымен Адамс коммерциялық істі зерттеумен айналысуға мәжбүр болды, бірақ коммерция үшін жарамсыз болып шықты: ол алдымен оған бөлінген мұраның бір бөлігін операциялар кезінде жоғалтып алды, сосын оның әкесімен бірге істейтін кәсіпорны күйреуге ұшырады.

Нақ осы күйреуден кейін, 40-шы жж. екінші жартысында Адамстың әлеуметтік-саяси көзқарасы біржолата қалыптасып, ол Жаңа Англиядағы буржуазия-революциялық қозғалыстың сол жақ қанатының ең беделді тұлғасы болды.

«Сэмюел Адамс шығармаларының» (*The Writings of Samuel Adams*, 1904-1908, Boston) 4-томдығында оның барлық туындылары болмаса да, әлі күнге дейін оның еңбектерінің неғұрлым толық басылымын ұсынады. Адамстың XVIII ғ. 60-80жж. Массачусетс заң шығаратын жиналыстарының немесе Бостон қалалық жиындарының атынан таралатын барлық ресми құжаттардың, хаттардың, нұсқаулардың және директивалардың авторы болғандығы дәлелденген. Массачусетс штатының заң шығаратын жиналысының атынан король III Георгқа жазған петициясы (1767), барлық отарлардың заң шығаратын жиналыстарына нұсқау (1768), «Халықтарға үндеу» (*An Appeal to the World*, 1769), 1772 ж. бостондық қалалық жиынмен қабылданған «Отарлардың табиғи адамдық құқықтары өтініші» (*Natural Rights of the Colonists as Men*), «Могоки тайпасының үндістеріне континенттік конгрестің жолдауы» (*The Address of the Continental Congress to the Mohawk Indians*, 1775), Массачусетс штаты конституциясының маңызды бөлігі (1780) ең алдымен «Құқықтар туралы билль» (*The Bill of Rights*) -және тағы да көптеген басқалары оның Адамстың қауырсынынан шыққан.

Адамс 30 жыл бойы бостондық газеттерде сарқылмайтын энергиямен қызмет істеді. Ақпараттарының, мақалаларының, очерктерінің және эсселерінің көп бөлігі не қол қоюсыз шықты, немесе оның сансыз бүркеншік аттарымен шықты (*Alfred, American, Bostonian, A., A. B.,*

Е. А., *Candide*, *Valerius Poplicola* және т.б.), Оның стилі өте ықшамды, қисынды қатал, афористикалық. Адамс сөйлесу екіпіндерінен және жергілікті лексикалардан қашқалақтап, әдеби ағылшын тілінде жазды. Баяндаудың өзіндік пірікір жоқ үлгісінің арқасында, Адамстың публицистикалық шығармашылығы жиынтығында көп санды авторлық ұжым бардай әсер жасады, бұл оның жұмыстарын анықтауды және атрибуциясын күрделендіреді.

В. Олейник

Азимов (Asimov), Айзек (2.1.1920, Петровичи, бұрынғы БССР) – прозашы-фантаст. 1923ж. ата-анасымен бірге АҚШ-на көшіп келді. Колумбия университетін аяқтады (1941ж.). Білімі бойынша химик, 1979ж. бастап – Бостондық университеттің биохимия профессоры. Бірінші НФ әңгімесін 1939ж. жариялады. Америкалық оқырмандар сол заманның НФ ең үздік әңгімесі атаған, «Түннің келуі» (*Nightfall*, 1941) әңгімесі танымалдылық әкелді. Азимовтың жазушылық абыройы ең алдымен 40-шы жж. басталған және әлі күнге дейін шығып жатқан туындыларының екі циклына негіделеді.

Бірінші циклі – «Мен, роботпын» (*I, Robot*, 1950), «Болат үңгірлер» (*The Caves of Steel*, 1954), «Жалаңаш күн» (*The Naked Sun*, 1957), «Роботтар туралы басқа әңгімелер» (*The Rest of the Robots*, 1964), «Роботтар туралы әңгімелердің толық басылымы» (*The Complete Robot*, 1982), «Шапақ роботтар» (*The Robots of Dawn*, 1983), «Робот және империя» (*Robots and Empire*, 1985), «Роботтың арманы» (*Robot Dreams*, 1986) кітаптарында жиналған роботтар туралы повестер мен әңгімелер. Цикл туындыларының сюжеттік коллизиялары көп жағынан Азимов әзірлеп шығарған «робот техникасының үш заңымен» анықталады.

Бұл заңдар адам және болашақтың гипотикалық қоғамында әр түрлі технологиялық, экономикалық және әлеуметтік функцияларды орындайтын адам тәріздес кибернетикалық құрылғының арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Екінші циклдің негізі – болашақта Күн жүйесінің планеталарын меңгеретін және Галактика шегінен шығатын, адамзаттың галактикалық тарихы туралы баяндайтын «Анықтау» (*Foundation*, 1951), «Анықтау және империя» (*Foundation and Empire*, 1952), «Екінші анықтау» (*Second Foundation*, 1953), «Қауіптілікті анықтау» (*Foundation's Edge*, 1982), «Анықтау және Жер» (*Foundation and Earth*, 1986) романдары. Азимов-шын-шытырман

қиял жанрында жазылған жастарға арналған «Аспандағы кішкентай тас» (*Pebble in the Sky*, 1950), «Ғарыштық ағымдар» (*The Currents of Space*, 1952), «Мәңгіліктің соңы» (*The End of Eternity*, 1955), «Өздері құдайлар» (*The Gods Themselves*, 1972) повестердің, әңгімелердің үлкен жинағының сериясы, олардың ішінен «Марстықтардың жолы» (*The Martian Way and Other Stories*, 1955), «Жерде орын жеткілікті» (*Earth is Room Enough*, 1957), «Тоғыз ертең» (*Nine Tomorrows*, 1959), «Түннің келуі» (*Nightfall and Other Stories*, 1969), «Ертедегі Азимов» (*The Early Asimov*, 1972), «Юпитерді сатып алу» (*Buy Jupiter and Other Stories*, 1975), «Екіжүзжылдық адам» (*The Bicentennial Man and Other Stories*, 1976), «Өзгеріс желдері» (*The Winds of Change and Other Stories*, 1983), «Ертең шегі» (*The Edge of Tomorrow*, 1985) бөлінеді. Азимов – көптеген ұлттық және халықаралық әдебиет сыйларының көп мәрте иегері, соның ішінде америкалық фантастикадағы «Хьюго» және «Небьюла» секілді жоғарғы наградалардың иегері. 50 – ші жж. соңынан бастап Азимов білімнің әр түрлі салаларын танымал етуге көп уақыт бөледі (1963ж. жазушы НФ ғылыми «құраушыны» дамытқаны үшін арнайы «Хьюго» сыйымен марапатталған). Азимов сондай-ақ көбісін оның өзі құрастырған фантастикалық әңгімелер антологияларына және жинақтарына алғысөздің авторы және сыншы ретінде сөз сөйлейді. Азимовтың кітаптарының жалпы саны 350-ден асады, оның айтуынша, ол кітаптарын еңбексүйгіштігінің, қажырлылығының және кәсібіне деген сүйіспеншіліктің арқасында жаза алды. Өзінің шығармашылық жолы туралы Азимов «Ақыл-ойым әлі балғын» (*In Memory Yet Green*, 1979) және «Өмір қуанышын әлі сеземін» (*In Joy Still Felt*, 1980) 2-томдық өмірбаянында айтып берген.

Жазушының ертеректегі туындылары оның табиғатқа көзқарасының сциентистік және технократистік сипаты және қоғамдық дамудың сипаты туралы айтады: Азимов ол кезде ғылымның адамзаттың экономикалық және әлеуметтік барлық мәселелерін шешуге шексіз мүмкіндіктеріне сенді, оның ойынша бұл мүмкіндіктің басында инженерлер мен ғалымдар тұруы керек. Осылайша, «Анықтау сериясының» бірінші романдарында инженерлік элитамен тарихтың барысын өзгерту, адамдардың тағдырын басқару құқығы танылады. Алайда «Мәңгіліктің соңы» романында жазушы технократиялық олигархия ойларынан алыстайды. Азимовтың ғылымның біржақтық даму қауіптілігіне көзқарастары «Өздері құдайлар» романында одан әрі жалғасын табады, онда

ғалымның ғылыми жаңалық үшін жауапкершілік мәселесін өткір қойып, жазушы қоғамның алға басуы ғылымның жетістіктері гуманистикалық мақсаттарда қолданылған жағдайда мүмкін екенін көрсетеді.

Азимовтың ең үздік туындыларына әңгімелеудің қызықтырғыштығы, ғылыми-фантастикалық жорамалдарды мұқият негіздеу, ғылыми мен фантастикалықты жалғастыра білу тән. Азимов шығармашылығының шабыты әлеуметтік әділетсіздікке қарсы наразылықпен, адамзат тағдыры үшін үреймен, ақыл күшінің соңғы жеңісіне деген сеніммен анықталады. Тағы да – жер бетіндегі өркениеттің болашағы барлық елдердің күш салуларына байланысты екендігіне сеніммен. Сұхбаттарының бірінде жазушы айтты: «Біз қоршаған ортаның ластануы, ядролық апат секілді планеталық ауқымдағы мәселелер ғасырында өмір сүреміз... Біз Жер бетіндегі нағыз маңызды нәрселер бәрі үшін бірдей жақсы немесе жаман екенін түсінуіміз керек... біз қаласақ та, қаламасақ та бірлесіп жұмыс істеуіміз керек». Азимовтың орыс тілінде кітаптары бірнеше рет шығарылған.

В. Гонман

Анайя (Апауа), Рудольфе (30.X.1937 т., Пастура, Нью-Мексико) – прозашы, чиканос әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілі (америка тегінен шыққан мексикалық). Санта-Роза (Нью-Мексико) қаласында өскен. 1954 ж. оның отбасы Альбукерке қаласына көшіп барып, онда Анайя менеджерлер мектебінде оқуды бастайды, бірақ көп ұзамай тастап кетеді.

Бірінші кітабынан – «Батанды бере көр, Ультима» (*Bless me, Ultima*, 1972) романынан бастап, Анайя өзі туралы чиканостың әлеуметтік бейнесін түсіріп алу міндетін қойған байсалды, терең ойлы суретші ретінде мәлімдеді. Оннан артық рет қайта басылған кітап қазіргі таңда оның неғұрлым танымал романы болып табылады. Бұл халықтың салт-дәстүрін бейнелейтін халық емшісі Ультима танып-білуге көмектесетін, құпия мен келісімге келмейтін күреске толы әлемге тап болатын, түкпір жерден келген бала туралы лирико-философиялық оқиға.

Екінші романы, «Астланның жүрегі» (*Heart of Aztlan*, 1976), чиканостың тұтастай «ересек болғандығын» әңгімелейді. Бұл қалалардың бірінің кедей кварталын толтырған, ақша табу жолында Мексикадан АҚШ-қа көшіп барған және жұмысшы отбасы болып кеткен әдеттегі жайғу одиссеясы. «Астлан» – замандас чиканостардың сана-сезімі сим-